



ҚАУЛЫ

25.07.2025 ж.

Ақсуат ауылы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 277

село Ақсуат

«Тарбағатай кені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге рұқсат беру туралы

КӨШІРМЕ ДҰРЫС
АҚСУАТ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ
ЖАЛПЫ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ
Негізгі құжат 1 парақ
Қосымшасы 1 парақ
« 25 » 07 2025 ж.
Шығарынбаев С. (тегі)

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер Кодексінің 17-бабының 1-1) тармақшасына, 67-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына, 69 бабының 4 тармағына, 71-1 бабының 1, 2 тармақтарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 10) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған 2025 жылғы 19 маусымдағы № 3358-ЕІ лицензиясына сәйкес және «Тарбағатай кені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Б.Асауовтың өтініші негізінде Ақсуат ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тарбағатай кені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 23-333-045-есептік кварталындағы босалқы жерден (Екпін ауылдық округінің ауылшаруашылық телімінен) және кадастрлық нөмірлері 23-333-045-523 23-333-045-626, 23-333-045-245, 23-333-045-608, 23-333-044-599, 23-333-045-787, 23-333-045-061, 23-333-044-626, 23-333-044-403, 23-333-044-639) жер пайдаланушылардың жер учаскесі аумағынан болжамды мөлшермен жалпы көлемі 24018,54 гектар жерде қатты пайдалы қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан 2031 жылдың 19 маусымға дейінгі мерзімге жария сервитут белгіленсін.

2. «Тарбағатай кені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жұмыстарды жүргізу мерзімі мен орнын, шығындарды өтеу және жерді нысаналы мақсаты бойынша пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, сондай-ақ жердің меншік иелері және жер пайдаланушылармен «Тарбағатай кені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында сервитут шартын жасау міндеттелсін.

3. Қаулының орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Аудан әкімінің
міндетін атқарушы



М.Қайырбеков

Handwritten signature